

Аудан аумағында орналасқан ұйымдарға, мекемелерге мүгедектерді жұмысқа қабылдау үшін ең аз жұмыс орындарын (квота) белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 8 қаңтардағы N 7 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданының Әділет басқармасында 2007 жылғы 22 қаңтарда N 14-13-24 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 76 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің 30.01.2013 № 76 қаулысымен.

" Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қазандағы "Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабына сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру мақсатында Төлеби аудандық әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің меңгерушісі (Е.Қадырбеков) квота есебінен бөлінген жұмыс орындарының бос тұрмауына тұрақты бақылау орнатсын.

3. Ленгiр қаласы және ауыл округтерi әкiмдерi өз аумақтарында орналасқан мемлекеттік мекемелердің, кәсіпорындардың белгіленген квотаны орындауы жөнiнде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне көмектесуге мiндеттелсiн.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Тлеубердиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған кейін 10 күн ішінде қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Б. Көшербай

Төлеби

ауданы

әкімдігінің

2007

жылғы

8

қаңтардағы

N 7 санды қаулысына N 1 қосымша

2007 жылы мүгедектерді жұмысқа қабылдау үшін жұмыс орындарының ең аз мөлшері (квота) белгіленген ұйымдар, мекемелер тізбесі

| Мекемелер тізбесі | Қызметкерлер саны | Квота |
|---|-------------------|-------|
| Аудандық білім бөлімі | 2400 | 72 |
| Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 114 | 3 |
| Аудандық денсаулық сақтау бөлімі | 1222 | 37 |
| Барлығы | 3736 | 112 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК